

**XX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АҚМОЛА ОБЛАСТЫҚ ГАЗЕТ
БАСЫЛЫМДАРЫ**

Амантай Данагүл
nurbaevad@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих мамандығының 2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент Ерменбаева Г.К.

Ел болып өз тәуелсіздігімізді алғаннан бергі уақытта, әсіресе соңғы жылдар аралығында өзіміздің отандық тарих ғылымы заман ағысына қарай өзгеріп, түрліше дамып келе жатыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» деп бекіткен тапсырма ғылым үшін көптеген міндеттерді жүктейді. [1]. Сол үшінде ұлттық сананы жаңғыртуға қоғам болып күш салуымыз керек. Осы орайда тарих пен ұлттық сананы жетілдіру мақсатында өлкетанудың атқарар рөлі ерекше, себебі тарих қалыптастырған «үлкен» тарих «жергілікті» тарихтан бастау алады. Осы «жергілікті» тарих – ол жеке мемлекеттің, көшенің, ауылдың, ауданның, қаланың өткенін көрсетеді. Ал бұл «жергілікті» деп отырғанымыз ол – өлкетану. Соңғы кезендерде ғылымда, көптеген аудиторияларда, қоғамда өлкетанудың маңызы оның қажеттілігі жайында айтыла бастады. Оның өзіндік себептері де бар. Біріншіден, өлкетанудың толық мәні ашыла қоймаған, екіншіден, оның негіздік пәндік нысаны анық емес, үшіншіден, оның теория методология жағынан бірізділік әлі қаланбаған. Кей деректерде өлкетануды Қазақстан тарихымен бірдей теңеп шатасып жатады. Айта кету керек, ол Отан тарихының бір бөлігі, ол туралы өзге елдер әлдеқашан дәлелдеп қойған. Жалпы өлкетануда басқа білім саласы тәрізді қалыптасу мен дамуының екі сатысы бар. Бірі практикалық болса, екіншісі ғылыми. Өлкетану ғылымының практикалық бастауы ауызша тарихпен тығыз байланысады. Өлке мәдениеті, оның тарихы жөнінде мәліметтер көнеден келе жатқан атадан балаға беріліп келеді.

Осы негізде өлкетанушылық тақырыбына көптеген нақты дереккөздермен түрлі материалдарды жеткізетін аймақтық газеттерге толық мән беруіміз қажет. Аймақтық газеттер ақпараттың оңай әрі көп қолданылатын түрі. Олар көптеген ғылыми мақалаларда,

кітаптарда, жинақтарда ақпараттың нақты алынған дереккөзі бола алады. Газеттер қоғамның айнасы десек қателеспейміз. Себебі, ол қоғамның барлық аспектілерін және белгіленген уақыттың замана тынысын білдіреді. Сондықтанда осы бір газет материалдарын өткен оқиғалардың тарихи мән-мәтінін түсінуді қамтамасыз ететін негізгі немесе қосымша дерек ретінде пайдалануымызға болады. Тарихи зерттеулер кезінде газеттер өткен кезеңдегі оқиғалардың тарихи контекстін түсіну үшін ақпараттың қосымша дерегі ретінде қолданылады. Ол материалдар басқада жоғалған тарихи деректерді, ақпараттарды толықтырады.

Жалпы қазақ тілінде басылым шығарудың алғашқы тарихы 1800 жылы Қазан қаласында ашылған бірінші Азиялық баспаханадан бастау алады. Ең алғашқы баспаханалар ретінде «Ағайынды Каримовтар», «Шарк», «Тұрмыс», «Үміт» баспаларының орны ерекше. Қазан төңкерісінен кейін мемлекет баспа ісін қайта құруға қажетті материалдық-техникалық базаны күшейтті [2].

XX ғ. бірінші жартысында елде латын графикасымен қазақ тілінде көптеген газеттер шығып отырды. Ол газеттер аса құнды болғанымен өлке тарихын әзірлеуде толық зерттеліп ғылыми айналымға енгізілмеген. Газет-халыққа білім таратушы, олай дейтініміз газет арқылы жұрт естімегенді естіп, білмегенді біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі жетіледі. Кей кездерде газет халықтың даушысы да болады. Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтар газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шұқытпасқа тырысады.

XX ғ. бірінші жартысында жарық көрген газеттерден сол уақыттағы болған оқиғаны дәлме-дәл газет бетіндегі жарияланымы, бүркеншік атпен жарияланған кейбір газет бетіндегі деректердің шындығы, тарихи оқиғалардың бір мезгілдегі сабақтастығын аңғаруға болады.

XX ғасырдың басы – қазақ мерзімдік басылымдарының даму кезеңі. Қазақ баспасөзі XX ғ. басында жаңа-жаңа газет, журналдармен толықты. Қазақ тілінде көптеген газеттер Петербург, Троицк сынды қалаларда жарық көрді. Көпке танымал «Қазақ» газеті Троицкіде 1907 жылы жарық көріп, кейін осы жылдың көктемінде газеттің бірінші нөмірінен кейін тыйым салынды. Дәл осындай «Қазақ» газетінің көзқарасында Ақмолада жарық көрген «Тіршілік» газеті жақын тұрды [3]. Бұл кезеңдегі баспасөз басылымдары халықты – патшалық саясаты, қазақ ауылындағы қарама-қайшылықтардың күрделенуі, үкіметке қарсы тұруға шақырды.

Белгілі деректанушы-ғалым Қ.Атабаев мерзімді басылымдарды дереккөз ретінде зерттей отырып, қазақ баспасөз тарихын мынадай кезеңдерге бөліп қарастыруды ұсынады:

1. «1870–1917 ж. наурызы, «Түркістан уалаяты газетінің» шыққан күнінен патша өкіметінің құлатылған күніне дейінгі қазақ баспасөзінің тарихы.

2. 1917 ж. наурызы — 1918 ж. ортасы. Уақытша үкімет тұсындағы демократиялық бастамалар кезіндегі ұлттық баспасөз.

3. 1918 ж. ортасы — 1920 ж. аяғы. Демократиялық күштердің большевиктік авантюраға қарсы жанталасқан күресі кезеңіндегі баспасөз.

4. 1921 ж. — 1991 ж. аяғы. Кеңес өкіметі немесе большевиктік диктатураның толық орнауы, тоталитарлық жүйенің қалыптасуы және коммунистік партияның шексіз үстемдік етуі жылдарындағы мерзімді басылым.

5. 1991 жылдың соңынан бүгінгі күнге дейінгі, тәуелсіз Қазақстан тұсындағы ұлттық баспасөз». Ғалым бұдан басқа кеңестік дәуірдегі баспасөз тарихының өзін шартты түрде кезеңдерге бөліп көрсете отырып, «ұлттық баспасөздің пайда болу, қалыптасу және даму тарихын еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты қайта зерттеу, оның жүріп өткен жолын, қилы кезеңдерін айқын бейнелеу мерзімді басылымды халқымыздың XX ғ. тарихының дерегі ретінде пайдаланудың басты алғышарттарының бірі болып табылады», — деп жазғаны орынды [4].

Шындығында, Қазақстан тарихына байланысты құнды да тың деректер жиналған гезеттер XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында жарық көрген. Сол себептен бұл аралықтағы газет материалдары өзінің маңыздылығы бойынша мұрағат қорларымен теңесе алады. Олай дейтін

себебіміз, мерзімдік басылымдарда жарық көрген материалдар, мұрағат қорларында сақталған деректермен құндылығы тең.

1939 жылдың 14 қазан айында Ақмола Қарағанды облысының аудан орталығынан облыс орталығына айналған. Сол уақытта Ақмола облысының құрамына 17 аудан Солтүстік Қазақстан мен Қарағанды облысынан бөлінген жерлер кірді. Көп уақыт өтпей-ақ облыстық газет – «Сталин туы» және «Акмолинская правда» газеттері шыға бастаған. Оларды алғашында Қазақстан КПОК ұйымдастыру бюросы органы және Ақмола облысы бойынша ҚазКСР Жоғары Кеңесінің Президиум ұйымдастыру комитеті, ал кейіннен Қазақстан КП Ақмола облыстық және қалалық комитеттерінің органдары және облыстық еңбекшілер депутаттары Кеңесі деп аталатын органдар шығарды.

Ақмола облысының газеттер қатарына «Новая степь» (Жаңа арқа) газетін қосуымызға болады. КК (б) П Ақмола аудандық комитетінің және аудандық атқару комитеті мен қалалық кеңесінің газеті. 1928 жылдың 2 қазанынан бастап шыға бастаған Газет редакциясы Ақмола қаласы Ленин 41 мекен жайы бойынша орналасқан. Газетте мақалалармен қатар түрлі жарнамалар, хабарландырулар, бұйрық және хаттамалар шығып тұрған.

Газет 1930 жылдың қыркүйегіне дейін аптасына екі рет үлкен форматпен төрт рет басылып, Ақмоланың округтік партия атқару комитеттері мен кәсіпшілер одағының органы ретінде таратылып тұрды. Газет Қарағанды-Спасск жұмысшыларына арнаулы айдар ашып, көптеген мәліметтерді жариялады. Сонымен бірге «Жұмысшылар мұны» деген айдарында еңбекшілердің арыз, шағым хаттарын беріп отырды. Сын мен өзара сынға батыл қарап, сықақ шығармаларды жиі жариялады.

«Коммунизм нұры» Қазақстан КП Целиноград облыстық және қалалық комитеті мен облыстық советінің органының газеті. 1939 жылдың 24 қарашасынан бастап жарық көрген. Газет редакторы С.Сейітов. Редколлегия мүшелері: К.Құрманбаев, Ж.Әбілғазин, Ә.Диқанов, О.Сүлейменов, Ү.Алшынбаев, Е.Ләззатов сияқты тілшілер газетті ішкі - сыртқы жаңалықтармен толықтырып отырды.

Сол жылдардағы «Кедей сөзі» газетінің саяси бағытына келер болсақ, газетте жарияланған «Азық-түлік мәселесі» деген мақаланы қарастыруға болады [5]. Мағжан Жұмабаев бұл мақалада ел ішінде өнім өндіретін, өндірген өнімді ұқсататын, сататын дүкендер құрмайынша халықтың әл-ауқатын көтеру мүмкін емес деп есептейді. Өйткені ол нарықтық қатынастардың өз заңы болатынын біледі. Бұрынғыдай барлық билікті ел ішіндегі бұзақыларға, иықтыларға беріп жібермесек керек. Ел ұйымының басына өзі елді сүйетін адамдарды қою керек» деп көрсетеді. Бұдан бөлек газетте көптеген тарихи мақалалар жарық көрген. Олардың ішінде төңкерістен кейінгі қазақ халқының жағдайы, жұмыскер қара халық, «Октябрь төңкерісі һәм қазақ еңбекшілері» «Кедей сөзі» газетінің 1920 жылғы 7 қарашасындағы нөмірінде жарық көрген. Тағы да 1920 жылғы желтоқсандағы санында «Автономия кімдікі» мақаласы, сонымен бірге газеттің 1921 жылғы наурыз айында шыққан бөлімінде Мағжан Жұмабаевтың «Бостандық туы» газетінің редакция алқасының мүшесі екендігі және арнайы тамақ үлесін алмайтындығы» туралы №727 анықтама –куәлік сақталған.

«Кедей сөзі» газетінен бөлек тек қазақ тілінде «Есіл даласы» (1913 жыл қыркүйек), Көлбай Тоғысовтың (Төлеңгітов) «Үш жүз» газеті (1917 жылы), «Жас азамат» (1918-1919 жылдар) газеттері шығып тұрған. Негізгі аймақтық бөліспен қарар болсақ Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Қарағанды облыстық газеттерінің және осынау үлкен аймақтағы аудандық салалық газеттердің тұңғышы және көшбасшысы ретінде «Кедей сөзі» газетінің алар орны ерекше. 1920 жылдың соңында республиканың облыстары губерния болып қайта құрылды. Міне, осы кездері газеттер партияның губерниялық Атқару Комитеттерінің органы болып жарияланды. 1921 жылдан бастап «Кедей сөзі» газетінің орнына «Бостандық туы» газеті жарық көрді. Ол әуелі Омбыда Сивребком жанындағы Қазақ АССР-нің өкілдігі атынан кейін РКП (б) Ақмола губкомы мен губревкомның органы ретінде Қызылжарда шықты. Газеттің 1921 жылғы 28 тамыздағы 13-ші нөміріндегі тиражы 3000 дана болды. 1921-1922 жылдардағы алғашқы редакторларының бірі – Сабыр Айтқожин болды.

1922 жылы уақытша редакторы болып Жәнібеков қызмет атқарған кезде Сәбит Мұқанов губкомның жіберуі бойынша «Бостандық туының» жауапты хатшысы болды. 1924-25 жылдары «Бостандық туында» жас талантты ақын-жазушылар: Жақан Сыздықов, Сейітжан Омаров, Жұмағали Саин, Асқар Тоқмағанбетов, Ғалым Малдыбаев сынды ақын-жазушылар жұмыс істеді.

Қазақша газеттердің көп алаң алуы жөнінде Қазақстан облыстық партия комитетінің 1922 жылғы 3 ақпанда болған II-ші облыстық конференциясында баспасөз саласына көңіл бөлуі үлкен өзгерістерге әкеп соқты. Оның ішінде қазақ тілінде көпшілікке арналған газеттерді көбейту, оларды тиісті қызметкерлермен қамтамасыз етіп, газеттердің жүйелі шығуына барлық жағдай жасау талап етілді. Газеттердің оқырмандармен байланысын нығайту мақсатында барлық редакцияларда хат және анықтама бөлімдерін ұйымдастыру қажет деп танылды.

Тарихи тақырыптарда көп мақалалар жарық көрген газеттердің бірі ретінде «Мир труда» газетін айтсақ болады. Газетті 1923 жылы – Ақмола губерниясы атқару комитетінің және РКК аймақтық комитетінің күнделікті мекемесі ұсынған. Газет шет елдердегі және кеңестерде соңғы жаңалықтарды жариялады.

Алғашқы жылдары көптеп шыққан газеттерді алатын болсаңыз мақтау мадақтауға негізделеді. Көптеген басылымдар ақпараттық-анықтамалық сипатта болды. Сонымен қатар газет ұйымдарына империяның қамқорлығындағы отарлық өлкенің тұрмыс салтын насихаттау миссиясы жүктелді. Осы мақсатпен ресми емес бөлімде түркі халықтарының тарихы, этнографиясы мен әдебиеті жөніндегі материалдар жарияланды.

1919 жылдың қараша айынан шығарылған «Мир труда» газеті ең алдымен губерниялық өмірді айқыштайды. 1925 жылғы 1 мамырдағы газет тиражы – 5000 экз, 1 айдағы абоненттік төлемі – 60 тиын. Сол кезде газетте 8 тұрақты қызметкер, 120 корреспондент, 180-ге жуық ауылдық жұмысшылар қызмет еткен.

Газетте сол жылдардағы колхоздар мен совхоздардың өмірі суреттелген. Сонымен бірге облыстық есеп бюросының аймақтық комитеті нәтижелері бойынша, өңірлерде жеке бұзылулар мен сыни сәттердің себептері атап өтілген. Облыстық комитетінің бюросы және облыстық кеңестің атқарушы комитеті: шаруашылықтардың жөндеу жұмыстарын жоспарлап, бригадаларды қабылдауды қамтамасыз еткені туралы деректер бар. Газетте мемлекеттік шаруа қожалықтарының директорлары кең шөп шабу машиналарында жұмыс істейтін машинистерге арналған 10 күндік семинарларды, сондай-ақ шеберлерді іріктеп алу бойынша курстарды ұйымдастыруды міндеттегенін көреміз. Аталған агротехникалық тұрғыда шабындықтар мен жайылымдарды ұйымдастыру және оларға тиісті күтім жасау, өсімдік шабындықтарына шабындықты жайылымға тыйым салу, жайылымдарда тиісті мал жайылымдарын ұйымдастыру, жануарларды қамтамасыз ету, егін жинау науқанын ұйымдастыру, топырақты, сабандарды жинау және осы уақытқа сәйкес басқа да мәселелер көтерілген.

Жоғарыда көтерілген мәселелер тек Ақмола облысы негізінде маңызды ақпараттарды топтастырған. XX ғ. бірінші жартысындағы өлке тынысына газет мақалалары үстіртін ақпарат берген. Бұл тақырыпта кеңінен көсіліп жазылмаса да, негізгі сыни ойды бейнелейді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам /Егемен Қазақстан.- 2012 жыл, 17 шілде.
2. Атабаев Қ. Мерзімді басылым XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде: монография. - Алматы: Қазақ университеті, 1998. - 192 б.
3. Жүгенбаева Г. Қалыптасқан мемлекеттің зерделі тарихы//Ұлттық тарихты зерделеу туралы. - Алматы, 2013. – 228-234 бб.
4. БК(б)П Қазақ Өлкелік комиссариаты секретариаты отырысының хаттамалары //ҚР ПМ. - Қ. 141; - т. 1, іс. 1043. – 437 п.